

Бекітінді
«№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
директоры М.А. Бегежан Т. Теева
29.08. 2024ж «№1 педагогикалық кеңес»



**«№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2024 -2025 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Мұнайлы ауданы -2024ж

I. Кіріспе

«№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны типтік мектепке дейінгі мекеме базасында 2011 жылы пайдалануға берілді. Мекеменің жобалық қуаты 280 орындық.

Мекеменің жұмыс істеу тәртібі 8.00-ден 18.30-ға дейін. Бөбекжай бес күндік жұмыс аптасы бойынша жұмыс істейді, демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Мекеменің бұл жұмыс тәртібі ата-аналардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес базалық компоненттің орындалуын қамтамасыз етеді, тұлғаның әлеуметтік-коммуникативтік, танымдық, дене шынықтыру және шығармашылық тұрғыда даму идеясын іске асыруға ықпал етеді.

Мекеме мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беру стандарты бойынша, білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы және медициналық қызметке лицензиясы бар.

Мекеме өз қызметінде жеке тұлғаға бағытталған білім беру процесін жүзеге асыру арқылы әрбір баланың жеке білім беру траекториясына сәйкес дамуына жағдай жасауға ұмтылады. Білімқұмарлықты, танымдық қабілеттерін дамыту үшін, жеке бейімділігі мен қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін, әр тұлғаның жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ашу үшін мекемеде музыкалық және спорт залдары, хореография залы, инклюзивтік- түзету, қазақ тілі кабинеттері, әдістемелік кабинет жасалған. МДҰ-да: кең топтық үй-жайлар; серуендеуге арналған жабдықталған үлескелер бар. Аумақ абаттандырылған және көгалдандырылған.

Бөбекжайда білім беру үдерісін оңтайлы - нәтижелі ұйымдастыру үшін үнемі қолдау көрсетіледі. Бөбекжай топтары тәрбиеленушілердің жасына сәйкес келетін жиһазбен, әртүрлі ойын орталықтарымен толық жабдықталған.

Қабылдау бөлмелері ата – анаға арналған ақпараттық стендтермен, балалар жұмыстарының көрмелерімен безендірілген. Дәліздер балалардың шығармашылық көрмелерімен безендірілген, музыкалық залда әр түрлі мерекелік және атаулы күндерге эстетикалық безендіру өзгеріп тұрады.

Балалардың жас ерекшеліктерін және заманауи талаптарын ескере отырып құрылған, топтардағы заттық - дамытушы орта балалардың ойын дағдыларын қалыптастырады және жалпы мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасының дамуына ықпал етеді.

Ата-аналардың балаларға қосымша білім беруге деген сұранысын қанағаттандыру, мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту және сапасын арттыру, білім беру қызметтерінің аясын кеңейту мақсатында бірнеше жыл бойы бөбекжайда вариативтік бағыттағы тегін қосымша үйірмелер жұмыс істейді.

Бөбекжайдың ақпараттық базасы электрондық поштамен, Интернетке шығумен жабдықталған. Интернетке шығудың 2 желілік нүктесі бар.

Мектепке дейінгі ұйым туралы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйым атауы	«№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Құрылтайшы	Маңғыстау облысының әкімдігі
Заңды мекен – жайы	130006, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын үй алабы, Шерқала көшесі, ғимарат 69
Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы	Маңғыстау облысының білім басқармасының «Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Мемлекеттік тіркеу куәлігі	№212- 1943 -08 – МК 29.11. 2011ж
БСН	№11114008902
Салық төлеушінің нөмірі	430800001436
Статистикалық карта	Код ОКПО 51195293
Мектепке дейінгі білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия	№0066857 Берілген күні 07.03.2012 ж
Алғашқы медициналық-санитарлық көмек , дәрігерге дейін лицензиясы	№ 00483DE Берілген күні 28.10.2013ж

Топтар туралы мәлімет

Бөбекжайда 1- 6 жастағы балалар үшін 12 топ жұмыс жасайды. Оқу – тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі.

р/к	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Жас тобы	Бала саны
1	№1 «Балапан» тобы	3-4 жас	ортаңғы	25
2	№2 «Ботақан» тобы	2-3 жас	кіші	20
3	№3 «Жұлдыз» тобы	2-3 жас	кіші	20
4	№4 «Құлыншақ» тобы	4-5 жас	МАД	25
5	№5 «Көбелек» тобы	4-5 жас	МАД	25
6	№6 «Қарлығаш»	5-6 жас	ересек	20
7	№7 «Түймедақ»	5-6 жас	ересек	25
8	№8 «Алтын балық»	4-5 жас	ортаңғы	25
9	№9 «Күн шуақ»	3-4 жас	ересек	25
10	№10 «Шұғыла»	5-6 жас	ортаңғы	25
11	№11 «Ер төстік»	4-5 жас	МАД	25
12	№12 «Аққу»	2-3 жас	кіші	20

I. 2023- 2024 оқу жылғы жылдық жұмыстың орындалысын талдау


Денсаулық топтары бойынша мәлімет

I- топ	II -топ	III-топ		IV- топ		Тәуекел тобы
12	220	-	-	-	-	

Тәрбиеленушілердің аурушандығын салыстырмалы талдау

Ауру атауы	2022-2023ж	2023-2024ж
Жел шешек	100	39
Асқынған тонзиллит (баспа)	68	40
Грипп және жоғары тыныс жолдардың асқынған жұқпалары аурулары	58	20
Пневмония	1	0
Басқа аурулар	266	115
Барлығы	493	214

Мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талдау



2023-2024 оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесі мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері арасында жоғары кестегідей нәтиже көрсетті.

1. Физикалық қасиеттерді дамыту - 54% жоғары деңгейге ие, орташа – 37% және төмен – 9%;
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту – 47% жоғары деңгейге ие, орташа – 47 % бала және төмен – 6%;
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды қалыптастыру–44% жоғары деңгейге ие, орташа – 44% және төмен – 12%;
4. Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру – 59% жоғары деңгейге ие, орташа – 31% және төмен-9%;
5. Әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру -44% жоғары, орташа – 41% және төмен-12%.

Мониторинг нәтижесі тәрбиеленушілердің бағдарламаны жалпы меңгеруде жоғары деңгейінің басымдығын көрсетеді.

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

Білім деңгейі бойынша педагог кадрлардың қысқаша сипаттамасы

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары	Арнаулы орта	Барлық м.д мамандар	Бала күтіміндегі педагог
2022-2023	45	27 (60%)	15 (33%)	30	9
2023-2024	35	25 (71%)	10 (29%)	31	3

Біліктілік санаттары бойынша педагог кадрлардың қысқаша сипаттамасы

Оқу жылы	Педагог саны	Санаты					
		II санат	басшы менеджер	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	санатсыз
2022-2023	45	10	1	3	1	1	20
%		22%	2,2%	6,6%	2,2%	2,2%	44,4%
2023-2024	35	2	1	26	1	1	4
%		6%	2,8%	74%	2,8%	2,8%	11,4%

Біліктілік курстарынан өтуі

Оқу жылы	Педагог саны	Курстан өткендер саны	пайызы
2022-2023	45	13	29%
2023-2024	35	26	74%

2023 – 2024 оқу жылы қорытындысы бойынша педагог саны 35, жоғары білімді 27, оның ішінде мектепке дейінгі 19, арнаулы орта 14, оның ішінде мектепке дейінгі 12 педагог. Үлесі – 77,5%.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелерін талдау

Жыл сайын бөбекжай педагогтері кәсіби конкурстар мен жобаларға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді.

Педагогтер жетістіктері

№	Оқу жылы	Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	2021-2022	4	-	-
2	2022-2023	13	1	-
3	2023-2024	14	1	1

Ата-аналармен өзара байланысты талдау

2023 – 2024 оқу жылында ата-аналармен бірлескен шаралар жоспарланды. Қазан айында жыл сайынғы дәстүр бойынша табиғи материалдардан жасалған «Күз сыйы» көрмесі ұйымдастырылып, «Алтын күз» ертеңгілігі өткізілді. Қазан айында «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудағы өзгерістер» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Әр айтулы мерекелерге байланысты ертеңгіліктер өткізілді. Ақпан айында ашық есік күні ұйымдастырылды. Сәуір айында «Жасыл мекен» челленджінде қатысты. Ата-аналар балаларымен бірге «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» сайыстарына да белсене қатысты. Балалардың мектепке дайындық дәрежесі туралы ата-аналардың сауалнама берілді. Сауалнамаға мектепалды даярлық тобының барлығы 60 ата-ана қатысты 100% жауап берді. Сауалнама Телеграмм әлеуметтік желісі арқылы жүргізілді. Ата-аналар бөбекжай жұмысына риза. Ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 100% құрады, бұл қанағаттанудың жақсы деңгейін көрсетеді. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде бөбекжай мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұраныстары мен тілектерін қарастыруға және ескертуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындыларын талдау

Бөбекжайдың техникалық жағдайы

№		Жалпы сипаттамасы		
1	Салынған жылы	2011жыл		
2	Жалпы ауданы			
3	Пайдалы алаң			
4	Жылыту жүйесі	Автономды қазандық		Автономды жағдайда отынның түрі- Газ
5	Сумен жабдықтау жүйесі	Тасымал		Су жылытқыш бойлерге қаражат қажет
6	Канализация жүйесі	Автономды канализация жүйесі		
7	Дәретханалар	ғимарат ішінде		Кейбір топтардағы унитаздарды ауыстыру қажет
8	Топтар саны, кабинеттер	12 топ Музыка залы, хореография залы дене шынықтыру залы, қазақ тілі кабинеті, инклюзивтік кабинет		Жөндеуді қажет етеді
9	Асхана блогы			
10	Медициналық кабинет	Бар	Толық жабдықталған	
11	Емшара кабинеті	Бар	Толық жабдықталған	
12	Кір жуу блогы	Бар	Жабдықталған	Өндірістік кір жуу машинасы, кір үтіктегіш аппаратқа қаржы керек

13	Интернетке қосылу және телефонмен жабдықтау	Интернет жылдамдығы келісім-шарт бойынша-50 мгбт, факт негізінде-100 мгбт	Аналогтық немесе кең жолақты? <u>Екеуі де</u>	Кабельдерді ауыстыру қажеттілігі бар
14	Күрделі жөндеу қашан жүргізілді	2010- 2011оқу жылының желтоқсанында қолданысқа берілді.	Күрделі жөндеу жүргізілген жоқ	Күрделі жөнлеуге қаражат қажет етеді
15	Жабдықталған спорт алаңдары бар ма?	жоқ	жоқ	Жүгіру жолдары, секіру шұңқырлары және басқа да спорттық құрал-жабдықтар

Жабдықтар тізбесі

№	Жабдықтардың атауы	Саны	Шығарылған жылы
1	Компьютер	8	2011
2	Принтер	8	2011
3	Ноутбук	6	2011
4	Камера	60	2022
5	Теледидар	12	2011
6	Проектор	1	2013
7	Переplet	1	2013
8	Ламинатор	1	2013

Түйінді мәселе: бөбекжай ғимраты күрделі жөндеуді қажет етеді, жабдықтар ескірген, көбі істен шыққан, жаңартуды қажет етеді.

II. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты мен міндеттері

1. Ұлттық дәстүрлерге негізделген, халық ауыз әдебиеті арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары арқылы балалардың ой –өрісін, сөйлеу тілін дамыту. Ізгілік қасиеттерін бойына сіңіру, ұлттық сананы қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға адам–табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керектігі туралы қарапайым экологиялық түсініктерді қалыптастыру, білім беру және экологиялық мәдениет қалыптастыру.

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру.

Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі

№	Педагогтің Т.А. Ә.	Лауазымы	Қай санатқа
1	Тилавбаева Марина	тәрбиеші	педагог- зерттеуші
2	Жамашева Роза	тәрбиеші	педагог- сарапшы
3	Сексенбаева Аксалик	дене шынықтыру нұсқаушысы	педагог- модератор
4	Турланова Нурия	дене шынықтыру нұсқаушысы	педагог- модератор
5	Оразбаев Серик	музыка жетекшісі	педагог- модератор
6	Дуйсенғалиева Анар	тәрбиеші	педагог- модератор
7	Байтишева Злиха	тәрбиеші	педагог- модератор
8	Тараева Сымбат	музыка жетекшісі	педагог- модератор

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру

№	Педагогтің Т.А. Ә.	Лауазымы	Мерзімі
1	Калпакбаева Асемай	тәрбиеші	2024

2. Ұйымдастыру-педагогикалық жұмыс.

Шығармашылық топ құрамы

№	Педагогтердің аты жөні	Санаты	лауазымы
1	Реева Турсынай Жусипбековна	педагог -модератор	Әдіскер
2	Базарова Замира Нургабыловна	педагог -модератор	Тәрбиеші
3	Мангутаева Самал Хыдыровна	педагог - сарапшы	Тәрбиеші
4	Куттумурадова Гулсынай	педагог -модератор	бейнелеу маманы
5	Кеңесбаева Жаңылай	педагог -модератор	Тәрбиеші

Ғылыми- әдістемелік бірлестік құрамы

№	Педагогтердің аты жөні	Санаты	Лауазымы
1	Нургазиева Алмагул	педагог -модератор	бейінді педагог
2	Тилавбаева Марина Эскуватовна	педагог - сарапшы	Тәрбиеші
3	Кобентаева Аксулу Бихадыровна	педагог -модератор	Логопед
4	Оразова Айжан Аленовна	педагог -модератор	Тәрбиеші
5	Мергенова Әйгерім Нұржауханқызы	педагог -модератор	Тәрбиеші

Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссияларының мүшелерін бекіту, жұмысын жоспарлау	Қыркүйек	Т.Реева
2	Аттестаттау ережесімен таныстыру	Қазан	Аттестаттау комиссиясы
3	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу	Қараша	Аттестаттау комиссиясы
4	Педагогтердың портфолиосын дайындау	Ақпан	Аттестаттау комиссиясы
5	Семинарларда, конференцияларда, жарыстарға қатысу тәжірибесін жинақтау	Жыл бойы	Аттестаттаудан өтетін педагогтер
6	Тиісті деңгейдегі білім беру органдарына аттестаттау материалдарын ұсыну	Шілде	Аттестаттау комиссиясы
7	Комиссияның қорытынды отырысы шешімінің қабылдануы.	Шілде	Аттестаттау комиссиясы
8	Аттестаттау нәтижелері бойынша куәліктер беру	Тамыз	Аттестаттау комиссиясы

Аттестаттау комиссиясы мүшелері

1. Нургазиева Алмагул – бейінді, төраға;
2. Куттумурадова Гулсынай Куралхановна – кәсіподақ төрайымы, мүше;
3. Тилавбаева Марина Эскуватовна – тәрбиеші, мүше
4. Мангутаева Самал Хыдыровна – тәрбиеші, мүше
5. Оразова Айжан Аленовна– тәрбиеші, мүше
6. Жамашева Роза Умирбаевна – тәрбиеші, мүше
7. Таугалиева Баян Борисовна– тәрбиеші, мүше
8. Сексенбаева Аксалик Дандибаева– тәрбиеші, хатшы

ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ ЖҰМЫСЫ

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты
I. Аналитикалық- диагностикалық блок			
1.1	Оқу – тәрбие жұмысының мониторингі	Қаңтар Мамыр	Т. Реева
1.2	Балалардың білім деңгейінің мониторингі	Қыркүйек, қаңтар, мамыр	Педагогтер
1.3	Ашық көрсетілімдерді талдау	Жоспарға сәйкес	Т.Реева
1.4	Педагогтардың кәсіби деңгейін анықтау критерийлер бойынша	мамыр	Т.Реева
1.5	Балалардың мектепке дайындығын тексеру	сәуір	Т.Реева
II. Педагогтардың кәсіби шеберлігін көтеру			
2.1	Аттестациядан өтетін педагогтармен жұмыс Аттестатталушының портфолиосы	Сәуір Шілде	Т. Реева
2.2	Шығармашылық топ, Әдістемелік бірлестік жұмысы	Жоспарға сәйкес	А. Нургазиева М. Тилавбаева
2.3	Педагогтардың өз білімдерін жетілдіруі бойынша жұмыс	Жыл бойы	Т. Реева
	Біліктілік арттыру курстарынан өтуі	Жоспарға сәйкес	Т.Реева
III. Ғылыми – әдістемелік блок			
3.1	М. Тилавбаеваның «Кроссенс технологиясы бойынша озық тәжірибесін тарату»	Жыл бойы	ҒӘБ
3.2	Педагогтерге кәсіби конкурстарға қатысуға әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойы	ҒӘБ
3.3	Әдістемелік әзірлемелер, республикалық басылымдарға материалдар дайындау	Жыл бойы	ҒӘБ
IV. Ақпараттық блок			
4.1	Инстаграмм, Фейсбук әлеуметтік желілерінде парақшаны жүйелі жүргізіп отыру	Айына 2 рет	Г. Куттумурадова А. Нургазиева
4.2	Бөбекжай сайты жүргізу	Жыл бойы	Т. Реева
4.3	Педагогтер рейтингі	Жыл бойы	Т.Реева
4.4	Ғылыми - әдістемелік жұмыстың қорытындысы	Мамыр	Т. Реева

КЕҢЕСТЕР

№	Тақырыбы	Мерзімі	Оқылатын орны	Жауапты
	«Кіші топ балаларының сенсорлық қабілетін дамытатын ойындар»	Қыркүйек	ӘБ	Ж. Ажигалиева
	«Қазіргі заманғы денсаулық сақтау инновациялық технологиялары»	Қараша	Педкеңес	А. Сексенбаева
	«Педагогикалық озық іс – тәжірбиені тарату»	Желтоқсан	ӘБ	А.Нургалиева
	«Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын арқылы экологиялық тәрбие беру»	Қаңтар	Педкеңес	Р. Жамашева
	Балалардың естіп және көріп есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар жинағы»	Ақпан	ӘБ	Т. Кенджебаева
	"Бала тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы"	Наурыз	Педкеңесте	Т. Курбанбаева
	«Бала тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану»	Сәуір	ӘБ	А. Дуйсенгалиева

СЕМИНАРЛАР, ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАР

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Шеберлік сынып «Кроссенс технологиясы арқылы баланың ақыл ойын, сөйлеу тілін дамыту»	Қыркүйек	М. Тилавбаева
2	Семинар «Балалар мен тәрбиешілердің бірлескен іс әрекетінің формалары»	Қараша	С. Мангутаева
3	Семинар «Экологиялық тәрбие берудегі моделдеу әдісі»	Қаңтар	З.Байтишеева
4	Семинар «Түрлі жас топтарында халық ауыз әдебиетін қолдану әдістері»	Наурыз	И. Шарипова

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОП ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Шығармашылық топ құрамын бекіту Бөбекжай сайтында «Инновациялық қызмет» бөлімді құру және толтырып отыру.	Қыркүйек	Директор
2	Шығармашылық топ отырысы. Озық іс-тәжірибе тарататын педагогтерді анықтау, тізімін бекіту. Тәрбиеші М. Тилавбаеваның жұмыс тәжірибесін жинақтау, аудан көлемінде таратуға ұсыну. Семинарларға, педагогикалық жобаларға қатысу.	Қыркүйек	Тилавбаева М.Э.
3	Шығармашылық топ отырысы. Педкеңестерді дайындау мен өткізуде инновациялық технологияларды қолдану бойынша өзара тәжірибе алмасу.	Желтоқсан	ШТ мүшелері
4	Шығармашылық топ отырыс. Бөбекжай ішілік әдістемелік күн аясында педагогтердің үздік тәжірибиелерін тарату жұмыстарын ұйымдастыру.	Наурыз	ШТ мүшелері
5	Шығармашылық топ отырысы. Атқарылған жұмыстар есебі	Мамыр	ШТ мүшелері

ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ЖОСПАРЫ

Ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты: жаңа белсенді әдістерді меңгерген, сыни тұрғыдан ойлай алатын, нақты мақсат қоя білетін, бағалау критерийлерін тиімді қолданатын, жаңаша ұстанымы жоғары көшбасшы педагог дайындау. Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, озық тәжірибелерін тарату және дамыту.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:

Әдістемелік көмек көрсету мақсатында педагогтердің озық тәжірибесін тарату, педагог белсенділігін арттыру, көшбасшы педагог қалыптастыру;

Педагогтер арасында тәжірибе алмасу, үйрете жүріп үйрену негізінде кәсіби қоғамдастық жұмыстарын жандандыру;

Шығармашылық бастамаларды дамытуға мүмкіндік беру.

Жұмыс нысандары:

Әдістемелік кеңес, ӘБ отырыстары, шығармашылық топ, тәжірибелік алаңдар;

Қызметтің негізгі бағыттары				
1. Біліктілікті арттыру				
Мақсаты: іс-әрекетке өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша педагогикалық қызметкерлермен жұмысты жетілдіру				
№	Жұмыстың мазмұны	мерзімі	жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Бөбекжай педагогтерінің біліктілікті арттыру перспективалық жоспарын құру	тамыз	Т.Реева	Біліктілікті арттыру бойынша жұмыс жоспары
2	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі туралы мәлімет беру	тамыз	А. Нургазиева	педкеңес
3	Біліктілікті арттыру курстарынан өтуге сұраныс беру	тамыз		Сұраныс
2. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау				
Мақсаты: кәсіби құзыреттілік деңгейінің сәйкестігін анықтау және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруға жағдай жасау.				
1	Педагогикалық құрамды нормативтік құжаттармен таныстыру	тамыз	А. Нургазиева	педкеңес
2	Аттестаттау комиссиясын құру	қыркүйек	Т. Реева	Бұйрық
3	Аттестаттау комиссиясының жұмысын жоспарлау және бекіту	қыркүйек	А. Нургазиева	Жұмыс жоспары
3	2024 – 2025 оқу жылы аттестациядан өтетін педагогтерді аттестаттау ережесімен таныстыру	қыркүйек	А. Нургазиева	Кенестер
5	Аттестатталған педагогтердің портфолиосын дайындау	Сәуір, шілде	Аттестаттаудан өтетін педагогтер	Портфолио
6	Аттестаттау комиссиясының отырыстары	Қараша-желтоқсан, мамыр-маусым	Аттестаттау комиссиясы	Хаттама
7	Семинарларда, конференцияларда, жарыстарға қатысу тәжірибесін жинақтау	Жыл бойы	Аттестаттаудан өтетін педагогтер	Педагогикалық тәжірибемен алмасу
8	Тиісті деңгейдегі білім беру органдарына аттестаттау материалдарын ұсыну	Желтоқсан, мамыр	Т.Реева	Педагогтер портфолиосы
9	Аттестаттау нәтижелері бойынша куәліктер беру	желтоқсан, тамыз	Аттестаттау комиссиясы	Санатты тағайындау куәліктері
3. Жұмыс тәжірибесін жалпылау және тарату				
Мақсаты: педагогтердің шығармашылық қызметінің нәтижелерін жалпылау және тарату				
1	2024-2025 оқу жылына арналған педагогтердің проблемалық тақырыптарын анықтау.	тамыз	А. Нургазиева	Бөбекжай педагогтерінің өз білімін жетілдіруге арналған тақырыптарды таңдауы

2	Педкеңестерді дайындау мен өткізуде инновациялық технологияларды қолдану бойынша өзара тәжірибе алмасу	қараша, қаңтар, наурыз	А. Нургазиева	Шығармашылық белсенділіктің артуы, педагогтердің кәсіби шеберлігінің өсуі
3	Семинарларға, педагогикалық жобаларға қатысу	жыл бойы	ӘБ	Мақалалар, баяндамалар
4	«Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауларына педагогтер тәжірибесін ұсыну, кәсіби байқауларда көрсету	қыркүйек	ӘБ	Байқауға қатысу
5	Бөбекжай сайтында «Инновациялық қызмет» бөлімді құру және толтыру	жыл бойы	А. Нургазиева	ҰІӨ бейнежазбасы
4. Әдістемелік семинарлар, шеберлік сыныптар Мақсаты : алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені жалпылау және енгізу.				
1	Шеберлік сынып «Кроссенс технологиясы арқылы баланың ақыл ойын, сөйлеу тілін дамыту»	Қыркүйек	М. Тилавбаева	Әдістемелік әзірleme, көрнекіліктер
2	Семинар «Балалар мен тәрбиешілердің бірлескен іс әрекетінің формалары»	Қараша	С. Мангутаева	Презентация
3	Семинар «Экологиялық тәрбие берудегі моделдеу әдісі»	Қаңтар	З. Байтишеева	Презентация
4	Апталық «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы»	Наурыз	Т. Реева тәрбиешілер	жоспары, хаттамасы, ақпаратлама
5. Шығармашылық топтың жұмысы Мақсаты: білім беру процесіне жаңа оқыту технологияларын енгізу, педагогтердің жаңашылдық қызметін ұйымдастыру				
1	Шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру, үздік тәжірибелерді насихаттау	жыл бойы	Шығармашылық топ жетекшілері	Топтардың жұмысы, анықтама, жариялым
6. Педагогтер іс -әрекетінің диагностикасы. Мақсаты: педагогтің еңбегін диагностикалаудың үздіксіз процесін жетілдіру				
1	Педагогтердің рейтингтік бағалау бойынша дамуын бақылауды ұйымдастыру	жыл бойы	А. Нургазиева	Мониторинг көрсеткіштерін әзірлеу
2	Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша мәліметтер банкі құрастыру	жыл бойы	Т.Реева А.Нургазиева	Мәліметтер банкі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ТАҚЫРЫБЫ: «Жаңа 2024– 2025 оқу жылына дайындық»

МАҚСАТЫ: 2024- 2025 оқу жылына арналған оқу – тәрбие жұмысының жылдық жоспарын, педагогтердің перспективалық жоспарларын бекіту. Жазғы сауықтыру маусымының қорытындысын шығару.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: дәстүрлі

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: тамыз

№	Мазмұны	Жауапты
1	Педагогикалық кеңеске дайындық: Бөбекжайдың жылдық жоспарын дайындау	Т. Реева
2	Перспективалық жоспар, вариативтік үйірме жұмыстарының жоспарларын дайындау.	Тәрбиешілер, мамандар
3	Күн тәртібін, сабақ кестесін дайындау.	Т. Реева
4	Ата- анамен жұмысты жоспарлау.	Тәрбиешілер, мамандар
5	Ата- аналар жиналысын өткізудің ілгерлемелі жоспарын дайындау.	Тәрбиешілер
6	Вариативтік жұмыс жоспарын дайындау.	Тәрбиешілер
1	Педагогикалық кеңес Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы	Т. Реева
2	Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттарымен танысу. Жылдық жоспарды бекіту.	Т. Реева
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, күн тәртібі, 2024-2025 оқу жылына арналған іс- әрекетінің кестесін бекіту.	Т. Реева
4	Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдары 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	Т. Реева
5	Педкеңес шешімі	Т. Реева

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ТАҚЫРЫБЫ: «Жаңа модельге сәйкес балалармен ұйымдастырылған іс- әрекетті ұйымдастыру»

МАҚСАТЫ: бөбекжай педагогтерінің білім стандартының дағдылары бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың инновациялық түрлерін дамыту.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: Дәстүрлі

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: Қараша

№	Мазмұны	Жауапты
1	<u>Педагогикалық кеңеске дайындық:</u> Семинар «Балалар мен тәрбиешілердің бірлескен іс әрекетінің формалары»	С. Мангутаева
2	Ашық көрсетілімдер	Т.Курбанбаева Р.Жамашева З.Байтишева
3	Тақырыптық тексеру «МЖББС сәйкес топтарда іс әрекетті ұйымдастыру»	Т. Реева
4	Педкеңес тақырыбы бойынша өз білімдерін жетілдіру	Тәрбиешілер
1	<u>Педагогикалық кеңес</u> №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.	Т. Реева
2	Ашық көрсетілімдер талдауы	Т. Реева
3	МЖББС сәйкес топтарда іс әрекетті ұйымдастыру» тақырыптық тексеру қорытындысы	Комиссия мүшелері
4	Педагогикалық кеңес шешімі	Т. Реева

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ТАҚЫРЫБЫ: «Бөбекжайдағы экологиялық тәрбие»

МАҚСАТЫ: Бөбекжайда балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру жұмысын жетілдіру.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: Дәстүрлі

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: Қаңтар

№	Мазмұны	Жауапты
1	Педагогикалық кеңеске дайындық: Семинар «Экологиялық тәрбие берудегі моделдеу әдісі»	З. Байтишеева
2	Ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттер Эксперимент. МАД тобы Экологиялық ойындар КВН. Ересек топтар	А.Оразова Н.Урысбаева Г.Аяпова
3	Тақырыптық тексеру «Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру тәрбиешілердің жұмысы нәтижесі»	тәрбиешілер
4	«Көңілді қақпақтар» сайыс (қақпақтардан түрлі ойындар, көрнекіліктер дайындау)	тәрбиешілер
5	Көрме. Қалдық заттардан ата – аналармен бірлесе отырып қолөнер бұйымдарын дайындау.	тәрбиешілер, ата- аналар
1	Педагогикалық кеңес №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.	Т. Реева
2	Ашық көрсетілімдер талдауы	Т. Реева
3	«Көңілді қақпақтар» сайысы қорытындысы	Тәрбиешілер
4	«Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің жұмысы» тақырыптық тексеру қорытындысы	Т. Реева
5	Кеңес «Мектеп жасына дейінгі балаларға ойын арқылы экологиялық тәрбие беру»	Р. Жамашева
5	Педагогикалық кеңес шешімі	Т.Реева

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ТАҚЫРЫБЫ: «Халық ауыз әдебиеті мектепке дейінгі балаларды жан жақты дамыту құралы ретінде»

МАҚСАТЫ: Бесік жыры, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал – мәтелдер, ертегілер сияқты халық ауыз әдебиеті шығармаларын мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану жолдарын іздеу, талдау.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: Іскерлік ойын

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: Наурыз

№	Мазмұны	Жауапты
1	<u>Педагогикалық кеңеске дайындық:</u> Семинар « Түрлі жас топтарында халық ауыз әдебиетін қолдану әдістері»	И. Шарипова
2	Ашық ұйымдастырылған іс- әрекеттер: Танымдық және зияткерлік Коммуникативтік Физикалық дамыту Әлеуметтік-эмоционалды	Ж. Ажигалиева А.Дүйсенғалиева А. Сексенбаева Б. Таугалиева
3	Тақырыптық тексеру «Ауыз әдебиеті шығармаларының балалар іс –әрекеті түрлерінде, дағдыларда қолданылуы»	Комиссия мүшелері
4	Көрме «Жаңа идеялар жәрмеңкесі» ауыз әдебиеті шығармаларын таныстыруда қолданатын түрлі құралдар.	Тәрбиешілер, мамандар
1	<u>Педагогикалық кеңес</u> №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы	Т. Реева
2	Ашық көрсетілімдер талдауы	Т.Реева
3	Тақырыптық тексеру қорытындысы	Т. Реева
4	Іскерлік ойын Теориялық бөлім: «Миға шабу» сұрақ -жауап «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» Кроссворд Музыкалық конкурс	Т. Реева
5	Педагогикалық кеңес шешімі	Т. Реева

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ТАҚЫРЫБЫ: 2024- 2025 оқу жылы қорытындысы

МАҚСАТЫ: 2024 -2025 оқу жылындағы оқу – тәрбие жұмысын талдау, жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеу, келесі оқу жылының бағытын анықтау.

ӨТКІЗУ ТҮРІ: дәстүрлі

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ: ~~Қараша~~ **МАМБІР**

№	Мазмұны	Жауапты
1	<u>Педагогикалық кеңеске дайындық</u> 2024- 2025 оқу жылындағы оқу – тәрбие жұмысына талдау дайындау	Т. Реева, тәрбиешілер, мамандар
2	Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің есебін дайындау	З.Базарова
3	Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмысының жоспарын дайындау	Т.Реева, З. Калмаганбетова
1	<u>Педагогикалық кеңес</u> №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы	Т. Реева
2	2024- 2025 оқу жылындағы оқу – тәрбие жұмысы есебі	Т. Реева, тәрбиешілер, мамандар
3	Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің есебі	З.Базарова
4	Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмысы жоспарымен таныстыру	Т.Реева
5	Педагогикалық кеңес шешімі	Т.Реева

**Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің 2024 -2025 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	ППМК ұсынысы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің тізімін бекіту	Қыркүйек	А. Кобентаева Т.Кенджебаева	Жаңа тәрбиеленуші қабылдануына қарай жыл бойы
2	Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандарының құрамы мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру	Қыркүйек	А. Кобентаева Т.Кенджебаева	
3	Диагностика жүргізу. Жеке дамыту және түзете дамыту бағдарламаларын әзірлеу	Қыркүйек	А. Кобентаева Т. Кенджебаева	
4	Ата – аналарды тәрбиеленушінің жеке түзете дамыту бағдарламасымен таныстыру. Сауалнама жүргізу.	Қыркүйек	А. Кобентаева Т.Кенджебаева	
5	Ерекше білім алуды қажет ететін балаларды қолдау мен дамытуды бақылау, диагностика, әңгімелесу, психологиялық – педагогикалық мінездеме құру.	Үнемі	А. Кобентаева Т.Кенджебаева Инклюзивтік топ тәрбиешілері	
6	Баланың әлеуметтік паспортын жинақтау	Қыркүйек	Инклюзивтік топ тәрбиешілері	
7	ППҚҚ мамандарының отырысы (топтық бағалау)	Қыркүйек, Қаңтар, Мамыр	А. Кобентаева Т.Кенджебаева	
8	Тәрбиешілерге, мамандарға кеңестер беру	Ай сайын	А. Кобентаева Т.Кенджебаева	
9	Семинар «Ойын ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаға арналған іс – әрекеттің маңызды түрі.	Қараша	А. Кобентаева	
10	Білім берудегі инклюзивті үдерістерді нормативтік – құқықтық қолдау бойынша ата – аналарға кеңес беру.	Желтоқсан	А.Кобентаева	

11	Тәрбиешілерге инклюзивті білім беру жағдайында жайлы және қауіпсіз дамытушы орта құру бойынша кеңес беру	Қаңтар	Т. Кенджебаева	
12	ЕББҚ балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысын жүзеге асырудың табыстылығын және олардың оқудағы жетістіктерін динамикалық зерттеу	Ақпан	ППҚК мамандары	
13	Инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысу	Жыл бойы	ППҚК мамандары	
14	ППҚК мамандары құжаттаманы жүргізуді тексеру	Сәуір	Т. Реева	
15	Психологиялық – педагогикалық қолдау мамандарының есебі	Мамыр	А.Кобентаева Т.Кенджебаева	

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒАДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖОСПАР

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
Бөбекжай қызметкерлерімен			
1	Тәрбиешілер арасында мәнерлеп оқудан сайыс	Қыркүйек	Т.Реева
2	Жас ерекшеліктеріне сай әр топта «Ұлттық құндылықтар» заттық –дамытушы орта жасақтау	жыл бойы	тәрбиешілер
3	«Ұлттық киім күні»	Әр жұма сайын	Барлық қызметкерлер
4	КВН «Өнер алды қызыл тіл» педагог қызметкерлер арасында	Қараша	А. Оразова
5	Дөңгелек үстел: «Ұлттық сананы мектеп жасына дейінгі бала бойына қалыптастыру жолдары»	Желтоқсан	Педагогтер
6	«Ұлттық тағамдар»	Наурыз	Барлық қызметкерлер
7	Педкеңес «Халық ауыз әдебиеті мектепке дейінгі балаларды жан жақты дамыту құралы ретінде»	Наурыз	Т.Реева
8	Бөбекжайдағы энергияны үнемдеу Жаднамалар, буклеттер дайындау	Жыл бойы	Барлық қызметкерлер
9	«Таза аула» Бөбекжай аумағын абаттандыру	Сәуір	Барлық қызметкерлер
10	«Ең үздік үлеске» сайысы	мамыр	ата –аналар, тәрбиешілер
Балалармен жұмыс			
1	Тілдер күніне тақырыптық ҮІӨ	Қыркүйек	Т.Реева
2	«Өнеріміз саған – Қазақстан» бөбекжайішілік өнер сайысы	Қазан	Музыка жетекшілері, хореограф
3	«Ұлттық ойындар» апталығы	11- 15 қараша	А. Сексенбаева Н. Турланова
4	Экологиялық жоба «Құстар – біздің досымыз»	Желтоқсан	тәрбиешілер

5	Қысқа мерзімді жоба «Экологиялық театр»	Қаңтар	тәрбиешілер
6	«Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» ҰІӨ	Ақпан	Ересек, МАД тобы тәрбиешілері
7	Ұзақ мерзімді жоба «Судың да сұрауы бар»	Оқу жылы бойы	Барлық топ тәрбиешілері
Ата – аналармен бірлескен шаралар			
1	«Мұражайға отбасымен саяхат»	қазан	ата –аналар, тәрбиешілер
2	«Қолөнер шеберханасы» ұлттық қолөнер бұйымдарын дайындау	қараша	ата –аналар, тәрбиешілер
3	«Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» пластиктен басқа да түрлі заттардан ойыншықтар, түрлі заттар жасау.	наурыз	ата –аналар, тәрбиешілер
4	«Таза аула» Бөбекжай аумағын абаттандыру	Сәуір	ата –аналар, тәрбиешілер

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ, ІС - ШАРАЛАР

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	«Қазақстан тілдері күні» мерекесіне 1. «Ана тілім- айбыным» ортаңғы, ересектер тобы балалары арасында мәнерлеп оқудан сайыс. 2.Тәрбиешілер арасында мәнерлеп оқудан сайыс	қыркүйек	Тәрбиешілер
2	Қазақтың ұлттық ойындарын және әндерін мерекелік және спорттық ертеңгіліктерде, іс -әрекеттерде пайдалануы.	жыл бойы	тәрбиешілер, мамандар
3	«Менің Республикам» мәнерлеп оқудан сайыс	Қазан	тәрбиешілер
4	«Ұлттық қимылды ойындар» картотекасын дайындау.	Қараша	тәрбиешілер
6	«Менің елім – Қазақстан» альбомын дайындау	Қаңтар	тәрбиешілер
7	«Хан талапай» ұлттық ойындар сайысы Ересек, МАД тобы	Желтоқсан	тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушылары
8	«Қош келдің, Наурыз» ертеңгіліктер	Наурыз	тәрбиешілер
9	«Ұлттық құндылықтар» заттық дамытушы орталығын жаңарту, толықтыру.	Жыл бойы	Тәрбиешілер

ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	«Ана тілім- айбыным» ортаңғы, ересектер. МАД тобы балалары арасында мәнерлеп оқудан сайыс.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	«Өнеріміз саған – Қазақстан» (балалар музыкалық аспаптары, билер, әндер, өлеңдер)	Қазан	Музыка жетекшілері, хореограф
3	Денсаулық күні (ДК)	Жылына 3 рет	Дене шынықтыру нұсқаушылары, тәрбиешілер
4	«Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» ҰІӨ	Қаңтар	Тәрбиешілер
5	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» қолөнер сайысы	Ақпан	Тәрбиешілер
6	Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)	Жылына 2рет	Дене шынықтыру нұсқаушылары, тәрбиешілер
7	«Шымырлық пен шеберлік күні»	Ақпан	Дене шынықтыру нұсқаушылары, тәрбиешілер
8	Экологиялық мереке	Наурыз	
9	«Мен зерттеушімін»	Сәуір	тәрбиешілер
	«Ғарышкерлер күні» сурет сайысы	Сәуір	
10	«Біз- біргеміз, біз- бірдейміз» ертеңгілік	Мамыр	Музыка жетекшілері

Келісемін
№9 жалпы білім беретін мектеп
директоры



«

2024 ж.

Бекітемін
№6 «Өркен» бөбекжайы БҚ МКҚК
директоры



«

2024 ж.

Мектеппен байланыс

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектепке саяхат» МАД тобы	Қазан	№4,5,11 топ тәрбиешілері
2	«Біздің жетістіктеріміз» - Тақырыптық көрме	Қараша	Тәрбиешілер
3	«Жаңа жылдық ойыншықтар» бірінші сынып оқушыларына сыйлық әзірлеу	Желтоқсан	тәрбиешілер
4	Мұғалімдердің бірінші сыныпқа баратын балалардың ата – аналарына кеңесі	Наурыз	тәрбиешілер
5	«Бәрін айта аламын!» - логопедтің оқу іс- әрекеті	Наурыз	Логопед, тәрбиешілер
6	«Ашық есік күні!»	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер
7	«Көңілді старт» МДС балаларымен эстафеталық сайыс	Сәуір	ДШ нұсқаушысы, МАД тобы тәрбиешілері
8	«Қош бол, балабақша!» -Ертеңгілік	Мамыр	Музыканттар, тәрбиешілер

3.СОЦИУММЕН БАЙЛАНЫС

Жалпы ата-аналар жиналысының тақырыбы

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіздікті қамтамасыз ету»	29.08.2024	Т.Реева
2	«Біз бақытты баламыз!» жүргізілген тәрбие істері жөнінде есеп беру. Бөбекжай мен ата-аналар қарым қатынастағы қайшылықтарды болдырмау жолы. Балаларыңыз бен ойнайбілесіз бе? (сауалнама)	Мамыр	Т. Реева

Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	
1	Спорттық отбасылық сайыс «Әке, ана және мен?»	Қыркүйек	А. Сексенбаева Н. Турлавнова
2	Көрме «Күз сыйы» табиғи материалдардан	Қазан	тәрбиешілер
3	«Қолөнер шеберханасы» ұлттық қолөнер бұйымдарын дайындау	Қараша	тәрбиешілер
4	«Жаңа жылдық ойыншықтар»	Желтоқсан	тәрбиешілер
5	Көрме. Қалдық заттардан ата – аналармен бірлесе отырып қолөнер бұйымдарын дайындау.	Қаңтар	тәрбиешілер
6	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала»	Қаңтар	тәрбиешілер
7	«Әжем,анам және мен» сайысы	Ақпан	тәрбиешілер
8	Ертеңгіліктер	Наурыз	тәрбиешілер
9	«Таза аула» Бөбекжай аумағын абаттандыру	Сәуір	тәрбиешілер
10	«Ең үздік үлеске» сайысына	Мамыр	тәрбиешілер

5. Жазғы кезеңде сауықтыру жұмысы жоспары

Ай	Апта	Іс – шаралар тақырыбы	Жауапты
Маусым	1	<u>Балалармен жұмыс</u> «Қуаныш пен достық» аптасы Қуыршақтаатрынкөрсету Досымның суретін салу Қимылды ойындар.	Тәрбиешілер
	2	«Экология» апталығы «Біз-табиғаттың жасқорғаушыларымыз» «(саяхат, көрме)» Еңбекке баулу жұмыстары	Тәрбиешілер
	3	«Салауатты өмір салты апталығы» «Тазалық біздің досымыз» «Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз» спорттық сайыс «Денсаулықты шындаймыз, ата-ананы тыңдаймыз!» эстафеталық ойындар.	Тәрбиешілер
	4	«Ұлттық ойындар апталығы» «Ұлттық ойын әлемінде»	Тәрбиешілер
Шілде	1	«Жолда жүру ережесі апталығы» «Балалар және жол»	Тәрбиешілер
	2	«Ойыншықтар апталығы» Ойын -сауықтар	Тәрбиешілер
	3	«Ән-күй апталығы» «Келшірқайық бәріміз» әндер, ойындар	Тәрбиешілер
	4	«Театр апталығы» Театрлық ойылымдар	Тәрбиешілер
Тамыз	1	«Су мен гүлдер апталығы» «Супатшалығы» судың қасиеттері туралы «Түрлі, әдемі гүлдер» мүсіндеуден балалар жұмыстарынан көрме.	Тәрбиешілер
	2	«Әдептілік пенк үлкі апталығы» Көркемші ғармалароқу «Адалдос», «Жақсы деген немене, жаман деген немене» Үстел үсті театры «Екі сараң қонжық».	Тәрбиешілер
	3	«Нан дастырханға қалай келді» апталығы.	Тәрбиешілер
	4	«Хош бол көңілді жаз» апталығы «Себетке дәл түсір» (тастармен) «Әнмен бикеші» балалар өнерінен концерт	Тәрбиешілер

ОҚУ – ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ

р/к	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Тәрбиеші құжаттарының жүргізілуі	Жыл бойы	Т.Реева
2	Ұйымдастырылған іс әрекетке қатысу	Жыл бойы	Т. Реева
3	Тақырыптық тексеру «МЖББС сәйкес топтарда іс әрекетті ұйымдастыру»	Қараша	Т. Реева
4	Мәдени – гигиеналық машықтардың қалыптастырылуын қадағалау.	Қазан	Т.Реева
5	Серуенің ұйымдасытырылуы	Қараша	Т. Реева
6	Балалардың қимыл қозғалысының ұйымдастырылуын бақылау	Желтоқсан	Т. Реева
7	Ертеңгілік жаттығулардың ұйымдастырылуы	Желтоқсан	Т. Реева
8	Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық	Желтоқсан	Т.Реева
9	Күннің ІІ жартысының ұйымдастырылуы	Қаңтар	Т. Реева
10	Тақырыптық тексеру «Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру тәрбиешілердің жұмысы нәтижесі»	Қаңтар	Т.Реева
11	«Ұлттық құндылықтар» орталығының толықтырылуы	Ақпан	Т.Реева
13	Балалардың қатысуы мен ауруға шалдығушылық деңгейіне талдау жасау	Тоқсан сайын	З. Калмаганбетова
14	Кіші топ балларының өзіне –өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеруі	Сәуір	Т.Реева
15	Бала өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулықтарының орындалуы	Тоқсан сайын	Т.Реева
16	Вариативтік компоненттің ұйымдастырылуы	Ай сайын	Т. Реева
17	Ата –аналарға арнап денсаулық бұрышына балалардың физикалық дамуы, шынықтыру бойынша көрнекі ақпараттар дайындау	Ай сайын	Т. Реева
18	Денсаулық шараларының ұйымдастырылуы	Тоқсан сайын	Т.Реева

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Жылдық жоспарын бекіту. Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстыру.	Қыркүйек	Т.Реева С.Алпысбаева
2	1. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізу 2. ЕҚ және ТҚ комиссиясының рейді 3. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық	Желтоқсан	Т.Реева С.Алпысбаева
3	Жаз мезгілінде бала өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығын өткізу. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына дайындық.	Мамыр	Т.Реева С.Алпысбаева

Әкімшілік-шаруашылық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	мерзімі	жауапты
1	Топ бөлмелерін ағымдағы жөндеуден өткізу	Маусым	С. Алпысбаева, тәрбиешілер
2	Жазғы сауықтыру шараларына учаскелерді жөндеу және дайындау.	Маусым	С. Алпысбаева
3	Бөбекжайдың мүлкін өз мерзімінде тізімге алу,жарамсыз мүліктің тізімін шығару	Өз мерзімінде	С. Алпысбаева
4	Топтардағы мүліктердің бүтіндігін бақылау	тамыз	С. Алпысбаева
5	Жылу беру, электр энергиясы,ауыз су,азық-түлік,қоқыс жинау мекемелерімен келісім шартқа тұру.	қаңтар	Д. Бақытқали С. Алпысбаева
6	Спорттық жабдықтарды,ойын құралдарды жөндеуден өткізу.	Желтоқсан, ақпан	С. Алпысбаева

7	Азық-түліктердің сапасын бақылау	үнемі	Г.Карасаева
8	Санитарлық гигиеналық ережелердің, өртке қарсы Шаралардың және балалар мен қызметкерлердің қауіпсіз басқада жағдайлардың орындалуын қамтамасыз ету.	үнемі	С. Алпысбаева
9	Бөбекжай аумағында көгалдандыру және абаттандыру жұмысын бақылау, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.	үнемі	С. Алпысбаева
10	Кеңсе тауарлары мен көрнекі ақпараттық материалдарды толықтыру.	Қазан	С. Алпысбаева